

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешимхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Исламжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Zelvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожамметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэйти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернеиовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчакоеведения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»

Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyas Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)
Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassievna – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želyys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ

Жүгенбаева Г.С.

Т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Қазақстан, Алматы.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала фольклор және ауыз әдебиеті туындыларын тарихи дерек көзі ретінде зерттеу мәселелеріне арналған. Автор жаңа замандағы Қазақстан тарихының жергілікті деректемелерін қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын зерттеудегі бірегей материалдар тұрғысында қарастырады. Қазақтардың Ресей империясының XVIII-XIX ғғ. отаршылдық саясатына қарсылық қозғалыстарының бай тарихы бар. С. Датұлы, И. Тайманов пен М. Өтемісов, К. Қасымұлы т.б. көтерілістері халықтың тарихи жадында жат жерліктерге қарсы азаттық күресі ретінде сақталған. Фольклор және дәстүрлі ауызша тарихнама бұл кезеңдегі халық наразылықтарының сипатын, себебін және барысын қанық көрсетеді. Жұмыста азаттық қозғалысының кейбір мәселелері осы фольклор мәліметтері негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: жер мәселесі, отаршылдық, қазақтар, ұлт-азаттық қозғалыс, Ресей империясы

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Жугенбаева Г.С.

Доктор исторических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби. Казахстан, г. Алматы.

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена к проблеме изучению фольклорных и устных литературных материалов как исторического источника. Автор рассматривает автохтонных источников нового времени истории Казахстана как уникального материала для исследования национально-освободительного движения казахского народа.

Движение протеста казахов против колониальной политики Российской империи XVIII-XIX вв. имеет свою богатую историю. Восстания С. Датова, И. Тайманова и М. Утемисова, К. Касымова и т.д. сохранились в исторической памяти народа как освободительная борьба против иноземцев. Фольклор и устная историческая традиция этого периода подробно описывают характер, причины и ход народного сопротивления. В работе рассматриваются некоторые проблемы освободительного движения именно по данным фольклорных материалов.

Ключевые слова: казахи, колониализм, Российская империя, национально-освободительное движения, восстания, земельный вопрос.

HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE

Zhugenbayeva G.

Doctor of historical sciences, Al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty.

Abstract. Introduction. The article is devoted to the issue of studying folklore and oral literary materials as a historical source. The author considers the autochthonous sources of the new time of the history of Kazakhstan as a unique material for the study of the national liberation movement of the Kazakh people. The resistance movement of the Kazakhs against the colonial policy of the Russian Empire in the XVIII-XIX centuries. has a rich history. The uprisings of S. Datov, I. Taimanov and M. Utemissov, K. Kassymov, etc. preserved in the historical memory of the people as a liberation struggle against foreigners. Folklore and oral history of this period describe in detail the nature, causes and course of popular resistance. The work examines some of the issues of the liberation movement precisely according to the data of folklore materials.

Keywords: Kazakhs, colonialism, Russian Empire, national liberation movements, uprisings, land issue.

Кіріспе

Қазақстан тарихының жаңа замандағы кезеңі Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлттық қозғалыс-қарсылықтармен сипатталады. XVIII-XX ғғ. басындағы жат билікке қарсы ұлттық бас көтерулердің, қарулы қақтығыстар мен көтерілістердің сипатын, барысын, себептері мен салдарын зерттеуде жергілікті дереккөздерінің маңызы ерекше.

Қазақ еліне қатысты Ресей империясының саяси-әкімшілік басқару реформалары экономикалық-әлеуметтік өзгерістермен қатар ұлттың рухани-ділдік құндылықтарына қарсы ауыр зардаптарды туғызды. Әскери тәртіппен басқаруға құрылған жүйе хандық билікті жоюды іс жүзінде халықты өзара шағыстыру саясатымен (бөліп ал да, билей бер) жүргізді. Басқыншылармен өзара келісімпаздық пен жағымпаздыққа құрылған жергілікті билік ұлттық мемлекеттілікке ұйысудың кедергілерінің біріне айналды. Бұл жайында азаттық қозғалыстың алғашқы зерттеушілерінің бірі, ғалым Х. Досмұхамедұлы тура айқын жазды: «... он сегізінші, он тоғызыншы ғасырлардағы қазақтың қозғалысының ең күштілері Сырымдікі, Исатайдікі, Кенесарыныкі. Үш қозғалыстың басты мақсаты қазақты орыстың «жәңгірлік» құшағынан құтқару» (Досмұхамедұлы, 1991:69).

Саяси күрделі кезеңдегі елдің еңсесін көтеру міндетін қоғамның рухани тұлғалары ақын-жыраулары атқарды. Олар халықтың мұңы мен мұқтажын, дағдарысы мен күйзелісін жырлаумен шектелмей, тарихи сананы жаңғыртуға бет бұрды. Ұлттың рухын оятып, өткен «батырлық кезеңдерді» еске түсіру арқылы тарихи жадтың маңызды функциясын өтеді. Дәстүрлі тарихнамадағы «Зар-заман» циклы жат экспансияға қарсы халық жадының сол кезеңдегі тарихи квинтэссенциясына айналды. Әдебиеттану ғылымында бай тарихнамасы қалыптасқан (Мәдібай, 1997:160) мәселенің, ұлттың тарихи өткенін түгендеуге қатысуы солғын көрінеді.

Материалдар мен әдістер

Дәстүрлі қоғамдардың тарихи даму кезеңдерінің түрлі күрделі мәселелерін зерттеуде өзінің әмбебап-плюралистік сипатымен қолайлы өркениеттік әдістің мүмкіндіктері баршылық. Бастауын XVIII ғасырдан алатын өркениеттік әдістің толық дамуы XIX-XX ғасырларда жүзеге асты. Алыс шетелдік тарихнамада бұл әдістің көрнекті өкілдері М. Вебер, А. Тойнби, О. Шпенглер және «Анналар» тарихи журналының төңірегіне ұйымдасқан тарихшылар (Ф. Бродель, Ж. Ле Гофф) деп есептеледі (Коломийцев, 2001:191). Таяу шетелдік орыс тарихнамасында оның жақтастары Н.Я. Данилевский, К.Н. Леонтьев, П.А. Сорокин (Репина, 2004:288).

Түркі өркениеті жайында Л.Н. Гумилевтың көзқарасының теориялық-методологиялық тұрғыдан ескерерлік тұстары бар (Гумилев, 1989:496).

Түркі-қазақ өркениетін, оның ұлттық-рухани ділдік құндылықтарын қоғамдық мәселелерді талдау барысында ұлттың оқымысты, тұлғалары алдыңғы орынға қойды (Валиханов, 1985:23).

Өркениеттік әдістің артықшылықтары (оның әдістерін кез-келген ел тарихына пайдалану, өзгешелікке, ерекшелікке мән беру, онымен санасу тарихты көп қырлы, процестер ағымында түсінуге мүмкіндік беруі, адамзат тарихының біртұтастығын қабылдау) жетерлік.

Өркениеттер бірі-бірімен салыстырылғанда ғана тұтас жүйе. Бұл зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдісті кеңінен пайдалануға жол ашады. Нәтижесінде елдің, халықтың, белгілі бір аймақтың тарихы өзімен өзі тұйықталған жағдайда емес, басқа елдердің, халықтардың, өркениеттердің тарихымен салыстырыла, бағалана қарастырылады.

Өркениеттік әдіс тарихи процесте адамзаттың рухани-адамгершілік және интеллектуалдық факторларына баса көңіл аудартады. Бұл тұғырда өркениетті бағалауда дін, мәдениет, діл жетекші роль атқарады.

Өркениеттік әдістің тар шектеуге құрылмауы көшпенділер қоғамының өткір мәселелерін, әсіресе ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеуде ескерілетін И. Валлерстайнның әлем-жүйе әдісімен де үндеседі. Кезінде француз тарихшысы Бродель идеясынан бастау алған И. Валлерстайнның әлем-жүйе әдісі барлық қоғамдарды әлеуметтік жүйе тұрғысынан қарастырады (Wallerstein, 1974:410). Ресей империясының капиталистік дамуға қарқынды бетбұруы жаңа отар аймақтарды талап етуі, басып алған елдердің ұлттық қарсылық қозғалыстарын өршітті. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары экономикалық-әлеуметтік және саяси сипатымен метрополияның отарларына қатысты әскери басқару жүйесін күшейтуіне әсер еткені мәлім.

Дәстүрлі қоғамның рухани мұраларын төлтума тарихи дерек көзі тұрғысынан қарастыруда Иоганн Густав Дройзен (1808-1884 жж.) концепциясы назарға алынды (Дройзен, 2004:579). И.Г. Дройзен концепциясы заманауи тарих ғылымындағы бірнеше бағыттар мен әдістердің: феноменологиялық, психологиялық, микротарих, ауызша тарих, интеллектуалдық тарих қалыптасуына қозғау салған. Оның идеясы сол «Аннал мектебі» тарихшыларының еңбектерінде қолданылды. Неміс методологының ұғымында, қоғамның өмір сүруі мен дамуының ішкі механизмдерін анықтауда әлеуметтік психологияға мән беру қажет. Бұл қазіргі феноменологиялық әдіске табан тірейді, өткеннің адамын түсінуге тырысу және сол арқылы тарихи құбылыстарға интерпретация жасауға қайырылу.

Сондай-ақ дәстүрлі қоғамдардағы ауызша мәдениетке, оның тарихи деректемелік әлеуетіне терең мән берген Ян Вансинаның зерттеу әдістерін ескеру керек (Vansina, 1985: 256).

XVIII-XIX ғғ. ұлттың тәуелсіздігін сақтап қалу үшін ұмтылған жанпидалық күресінің тарихы басқыншы империялық биліктің жазба деректерінде сақталған мәліметтері негізінде ғана емес, халықтың өз тарихына берген бағасы мен күрделі кезеңдегі куәгерлік деректері қатысуымен жан-жақты ғылыми сараптауды қажет етеді. Тарихи деректемелердің толыққанды жүйеленуі, олардың алаңбауы және барынша сыни объективтілікпен кешенді талдауға алынуы, өткен тарихи құбылысты, оқиғаны, сол дәуірді тұтастықта зерттеуге мүмкіндік береді.

Жұмыста фольклортанудың, этнологияның, археология, антропология, әлеуметтік психологияның, тарихи деректанудың және тарихтың жетістіктері мен зерттеу принциптері ескерілді. Жалпы ғылыми танымның: тарихи және қисындық, анализ бен синтез, индукция мен дедукция; жеке тарих ғылымының: тарихилық, объективтілік, мәтінтанулық, ділгірлік әдісі, кезеңдеу, проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи, терминологиялық, синхрондық және диахрондық әдістері пайдаланылды.

Талдау

Қазақ халқының фольклоры мен ауыз әдебиеті туындыларын зерттеудің отандық гуманитаристика да іргелі мектептері қалыптасты. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналып, жазылып алынған тарихи жырлар мәтіндері Ұлттық Ғылым Академиясы жанындағы Орталық ғылыми кітапхана мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының қолжазбалар қоры бөлімдерінде сақталып, зерттеліп келеді (Жүгенбаева, 2009:250).

Әр жылдары жарық көрген тарихи жырлардың біршама толық, өзгертулерсіз жариялануы мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасымен жүзтомдық «Бабалар сөзі» сериясында жүзеге асты (Бабалар сөзі:2010,320). Мәселен, ғұлама ғалым Ә.Марғұлан эпостық мұралардың типологиясын жасап, тарихи деректемелік тұрғыдан қарастыруда зор еңбек сіңірді. Жырлардың тууына себеп болған бес «батырлық кезеңді» атап, соңғы, бесінші кезеңді «тарихи жыр» деп көрсетіп, оларды саяси билікке қарсы күрескен тұлғалардың іс-әрекетімен байланыстырды: «Халықтың хан, сұлтандарға, патшаға қарсы күресінде іс-әрекеттерімен көзге түскен батырлардың ерліктері туралы туындылар. Батырлық жырлар Исатай мен Махамбет, Бекет-батырға, Кенесары мен Наурызбай, Жанқожа, т.б. арналып шығарылған» (Марғұлан, 1946:80).

Тарихи жырларды және авторлық ауыз әдебиеті туындыларын дереккөзі ретінде қарастыру барысында алдымен әдебиеттану, фольклортану ғылымының нәтижелері мен қорытындыларын ескерудің маңызы зор. Мұраларды тарихи аспектіде қарастыруға еңбектенген Х. Досмұхамедұлы, Е. Бекмаханов, т.б. зерттеулері төменде арнайы талданады.

Нәтижелері

Қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған сан қилы күрестерінің қол бастаған көсемдері Сырым Датұлы, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібарұлы, Бекет, Досан Тәжіұлы, т.б. ел мүддесі, халықтың ұлттық тағдыры жолындағы іс-әрекеттері, әлеуметтік белсенділіктерінің тарихи фактісі сан алуан деректерге толы ауызша сақталған мәтіндерде көрініс тапты. Тарихи жырлар мен ауыз әдебиетінің авторлық туындыларындағы бұл кезеңнің күрделі мәселелері жан-жақты көрініс тауып, халықтық талдау мен қорытудың түйін квинтэссенциясы жасалып, тарихи жады тұрғысында ұрпаққа аманатталды.

Ұлттық бірегейлікті сақтап қалу жолындағы алғашқы ұмтылыс - еліміздің батыс өңірінде орын алды. 1787-1793 жылдары Сырым Датұлы (Вяткин, 1998:344) жүргізген азаттық күресінің сан алуан деректемелері қатарында тарихи фольклор туындылары бар.

Отаршылдық саясатпен бірге ентелей кірген діл мен діннің, тіл мен рухани құндылықтардың жойыла бастауына қарсы күрестің қайраткер көсемі, батыр тұлға, ділмәр-шешен Сырым Датұлы туралы тарихи жырларды кеңінен зерттеу, насихаттау бағыты артып келеді (Бабалар сөзі. Тарихи жырлар, 2010:376).

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» сериясының 60-томында Сырым батырға арналған екі тарихи жыр алғашқы рет басылып шықты. Ұлттық Ғылым Академиясы жанындағы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақталған 457, 528, 1188, 1388, 1754, 553,153 д-бумаларында және М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты қолжазба бөліміндегі 137, 139, 201, 241, 325, 479, 766 бумаларда тіркелген Сырым Датұлы туралы тарихи фольклор түрлері аңыздар, эпостық, тарихи шығармалар «Сырым туралы әңгімелер», «Сырым туралы аңыздар», «Нұралы ханның Сырымға айтқаны», «Датұлы Сырым», «Сырым батыр мен Саржала», «Сырым Датұлы Есім ханды өлтірген соң» т.б. тақырыптармен көрсетілген. Оларды әр жылдары жинаушылар мен жазып алушылар А. Шамшатова, А. Бержанов, Ә. Таутекенов, Ф. Ғатауов, І. Битілеуов, Т. Ауатанұлы т.б. «Сырым батыр» жырын баспаға даярлаушы С. Қосан мәліметінше, мұраны еліміздің батыс аймағынан фольклор үлгілерін жинаушы Тайыр Ауатанұлы жазып алып, 1955 жылы институт қорына өткізеді (Бабалар сөзі, 2010:376).

Жыр мазмұнында Сырым батырдың Нұралы ханмен қақтығысы, ханның орыс әкімшілігінен әскери көмек сұрауы, Сырымның өзі, әйелі және ұлы Қазының ұсталуы, тұтқындағы батырды құтқарған Есболат батыр бастаған шағын қазақ жасағы жайында айтылады.

Тарихи дерек ретінде жыр мәтінінде сол кезеңдегі қазақ қоғамының болмысы, басқыншы биліктің аяр әккі саясаты мен әскери басқару жүйесінің сипаты, оны жүзеге асыруға қолшоқпарлық жасаған бұрынғы дәстүрлі билік институтының дағдарысы, әлсіздігі, ұлттың ішкі психологиялық күйзелісі, жат діл мен діннің руханиятқа жасалған екпіні, т.б. саяси және экономикалық-әлеуметтік тоқырау барынша қанық, айқын көрініс табады:

«...Екі ғасыр бұрынғы
Сонау атам заманда,
Екі басты аждаһа
Аранын ашып адамға
Айбат шегіп ысқырып,
Зәрін шашқан заманда
Қоңырауы шіркеудің
Араласып азанға, -
Кіші жүздің адамы
Азан-қазан заманда
Тарихтың жаңа жалауы
Желбіреді далаңда
Хан мен қара айқасып
Белдесетін алаңда».

Күнкөрісінен, жайылым жерлерінен айрылған халықтың мұң-мұқтажына қарамастан сән-салтанатпен өмір сүрген хан тұрмысын көрсетуі тарихи деректің маңызын арттыра түседі:

«Кіші жүздің ханы Нұралы
Болып туған мұрады
Көңілін судай тастырып,
Орынбордың аузында
Отыз отау тіктіріп,
Салтанатын арттырып».

Ел мүддесін, халық қамын емес, өз билігі мен байлығын сақтап қалуды ғана көздейтін ханға Сырым батырдың өткір сын айтуы халық жадында тарихи әділеттіліктің күресі болып сақталған:

«...Хандығыңнан не пайда,
Халқыңның күні қараңғы!
Тақта отырдың тақымдап
Тарлықтың мынау заманы
...Елімді қамап сұм патша,
Салып жатыр қамалды
...Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған
Жайыққа кісен салынды,
Салықтың саны көбейіп,
Қоралап айдап мал алды,
Хандық құрған шағында
Халық малға саналды».

Тарихи фольклордың ономастикалық дерек көзі тұрғысында құндылығы бар. Қозғалыс болған аймақтың жер-су атаулары, топонимдер және антропоним, хан маңайындағы тарихи тұлғалар жыршы назарында:

«...Әмір етіп отырад
Елек, Қобда, Жем, Сағыз

Ойыл, Қиыл, Жайыққа
 Уәзірлері тәжім қып,
 Тәңіріндей табына
 Ералы, Есім, Айшуақ
 Сұлтандары жанында».
 ...Атырау, Жемді, Сағызды,
 Ойыл менен Қиылды
 Мұғалжар, Жайық арасын
 Жайлаған қазақ баласы».

Қоғамның тарихи жадын сақтауға, тарихи сананы дамытуға мүдделі рухани жәдігер «дәстүрлі ауызша тарих сипатында басты функциясын айқын танытады:

«...Сырымнан сөз құйылды:
 ...Соғысқан жауын мерт қылған
 Қара қасқа атты Қамбар ер,
 ...Туғаннан таққа таласқан
 Дулығалы басты көп кескен
 Аты шулы Орақтан
 Жеңілмеген жау бар ма?
 Батыр туған Қарасай -
 О да Орақтың баласы ай?
 ...Атаңа нәлет Нұралы
 Ел жауына сатылды.
 Хан мен патша қосылып,
 Қорлықтарын асырды» (Қосанов, 2010: 415).

Күрделі кезеңдердің ащы шындығын ұрпақ жадында сақтау әрекеті тарихи сананы жаңғырту арқылы ғана дамитынын дәстүрлі қоғамның тарихи жады – ақын-жыршылар терең зерделей білген.

Жырдың бұл мәтіні толық нұсқада емес, үзінділер түрінде жеткізілгенін, сол аймақтан жиналған Сырым батырға арналған келесі туынды айғақтайды. Оны 1949 жылы Тіл-әдебиет институтының (Әдебиет және өнер институты) қорына Батыс Қазақстан облысы Бөрілі ауданының тұрғыны Сағынғали Бекболатов өткізген. Қазіргі кезде Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған (Ш.553) бұл нұсқа да С. Қосанов дайындауында жарық көрді. Жырда Сырымның Нұралы ханды шауып, Есім ханды өлтіргеннен кейін, Ресей империялық билігінің әскери қуатынан ығысып Бұхара хандығына баруы және қайғылы қазаға ұшырауы айтылады. Басылым шығарушысы бұл жайында: «...Яғни Есім ханның басы кесілген тарихи маңызы үлкен эпостың бөлінбес бір тарауы екі нұсқадан да түсіп қалған. Тіпті стилі мен тілдік айшықтауларына қарағанда, ұсынылып отырған екі нұсқа о баста тұтас бір эпостың құрамында болып, кейін ұмытылып, әркімнің есінде үзінді түрінде сақталып қалуы да мүмкін» (Қосанов, 2010:413), - дей келе, бұл мәселені әлі де зерттей түсуді ескертеді.

Жыр мәтіні мынадай анықтама мәліметпен басталады: «Кіші Жүз байұлының байбақтысы Сырым батыр Нұралы ханды шапқаннан кейін патша үкіметінің қарсылығы білініп, Орынбор губернаторының қудалауына шыдай алмай Бұқарға бармақшы болып, кердері Намаз биге ақылдасып, бата алмақ болып барыпты. Бармауға кеңес берген Намаз биге Сырым батыр жауабы:

Биеке деп ем, барамын
 Елін билеп Бұқардың,
 Демеймін билік аламын.

Орынборды шабам деп,
 Ерлікте қорып қарадым
 Бір шапқанда үш шауып
 Нұралы ханды таладым.
 ...Патшашыл әскер көп болып,
 Тайғанады табаным».

Дағдарған халықтың көңіл-күйінің төмендеуі, Сырым Датұлының ұлт мүддесі жолындағы жанқиярлық күресін қолдаушылардың ала-құлалық істері, қолдау мен көмектің жеткіліксіздігі, оның қарсыластарының күшінің басымдығы, ел рухының бәсеңдеуі жырдың бүкіл желісінде сақталып, осынау қиын кезеңді жырды шығарушы тарихи танымдық тұрғысынан зерделейді. Ел азаттығы үшін күрескен батырдың қасіреті, «абыройсыз өлім құшуы» жырда айқын көрінеді:

«...Аттандырған қонағын,
 Байқаңыз хан не етеді.
 Үзеңгіге у жағып
 Жасырын сұмдық етеді.
 Қайтып келе жатқанда,
 Удың зәрі табаннан
 Бар денеге өтеді,
 Сыр-Қуаңның бойында
 Шағылды құм ойында
 Ерлердің демі бітеді.
 Удан болып себебі
 Ажалы сонда жетеді.

Жыр елдің тарихи тағдырына өмірін арнаған Сырым Датұлының күші басым жауға қарсы күрескен «жалғыздығын» тарих сабағымен астарлайды:

«...Айнала кезген ер Сырым,
 Айналып қайта келе алмай
 Ажалға тапқан төтені» (Қосанов, 2010:415).

Тарихи жырдың халықтың елдігін сақтау, ұлттық бірегейлік пен бүтіндік ұғымын атамекен Отаны – Туған Жер ұғымында қабылдау концепциясы дәстүрлі қоғамдағы тарихи сананың қалың қабаттарын тануға, зерделеуге мүмкіндік береді. Жыр деректерінің бұдан басқа да сан қырлы ақпараттық мәліметтері жетерлік.

Империялық билік еліміздің батыс аймағында халық толқуының жиілігін күшейте түсті. 1836-1838 жж. Бөкей Ордасында Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтерілісті (Алдажұманов және т.б., 2010: 337) халық жадынан шығарған жоқ. Әсіресе, ауыз әдебиеті үлгілері қозғалысқа қатысты ауқымды тақырыптарды қамтыды. Ауыз әдебиеті – Сөз өнері импровизацияға (шығарманы алдын-ала дайындықсыз өз ойынан суырып салып шығару) негізделген, ауызша шығарылып, ауызша таралған жеке авторлық мұралар (Дүйсенбайұлы, 2004:165).

Козғалыстың жетекшісінің бірі, сол тарихи оқиғаның тікелей қатысушы куәгері, ақын Махамбет Өтемісұлының (1803-1846) шығармашылығының негізгі өзегі көтеріліске арналды. Күрескер ақын мұралары «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Толарсақтан саз кешіп», «Еңселігім екі елі», «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны», «Атадан туған әруақты ер», «Исатай деген ағам бар», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Мінкен ер», «Жәңгірдің ісі», «Тарланым», «Мен едім», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Қызғыш құс», «Әй, Махамбет жолдасым (Исатайдың сөзі)», «Мен Нарыннан кеткенсін», «Мінгені Исатайдың ақтабаны-ай», «Еменнің түбі сары бал», «Жалған дүние», «Аспанда ұшқан

ақсұңқар», «Нарынжал», «Арғымаққа оқ тиді», «Мен-тауда ойнаған қарт марал», «Жалғыздық», «Арқаның қызы изені», «Қақақулап шақырма», «Бағаналы терек жарылса», т.б. әдебиеттанулық зерттеулердің арқауына айналған (Дүйсенбайұлы, 2004:165).

М. Өтемісұлы мұраларын алғашқы жинаушы, бастырушы қатарында тұрған Х. Досмұхамедұлы еңбегінде деректанулық сын мәселелеріне байланысты талдаулар бар. Ғалым «Махамбет батыр» атты зерттеуінде жазады: «Махамбеттің жыраулығы күшті болған. Махамбеттің сөзі көп болған. Көбі жойылған. Махамбеттің сөзінің ішінде ел ішіне көп жайылғаны Баймағамбет сұлтанға айтқаны. Әлімұлы, байұлы, жетірудың арасында осы өлең көп жайылулы. Біздің қолымызда ел ішінен жиналған осы өлеңнің бірнеше нұсқасы бар. Айтушылардың көбі бірақ Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан. Жетірудың ішінен айтылған нұсқаларда кателер өте көп, кейбір жерлерінде сөздің негіздерін өзгертіп жіберген». Одан әрі зерттеуші Ығылман Шөрекұлының Мұрат ақыннан естіген жырлауы бойынша шығармалардың нұсқасын бастыруға даярлағанын жаза келе, «...Қолымыздағы нұсқаларды салыстырып құрастырғанда, бабтарға бөлгенде сөздердің орны алмасып кетуі мүмкін. Бала күнінен осы сөзге құлағы қанық Махамбеттің еліндегі ақсақал, қарасақалдары біздің келтіріп отырған өлеңімізді дұрыс дейді» (Досмұхамедұлы, 1991:80) - деп нақтылайды.

Х. Досмұхамедұлы Махамбет Өтемісұлы туындыларын көтерілісті зерттеудегі жергілікті сенімді дерек көзі деп қабылдады. Ғалымның «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты зерттеуіндегі тарихи фольклорды дереккөздік пайдалану әдістемесі, ұстанымы назар аудартады. Көтерілістің нақтылы себептерін, сол кезеңдегі қазақ елінің қоғамдық-саяси жағдайын, экономикалық-әлеуметтік мәселелердің күрделенуін, қоныс пен жайылым жердің тарылуын түрлі жазба деректермен бірге ауыз әдебиеті туындыларын қатар салыстыра пайдаланып, тарихи шындықты айқындауға ұмтылды. «Жәңгірдің заманында Бөкейдің елі көшуді кемітіп, отырықшы бола бастады. Әр рудың белгілі қыстауы, жайлауы болды. Жазы қолайсыз, не қысы қатты жылдары көршілес нудағы елдермен қазақтың арасында күшті жанжалдар пайда болды. ...Жәңгір қазақты қорғамады. Қорғауға да әлі келмеді», - дей келіп, Еділ-Жайық бойын иемденіп алған казак-орыстар қысымынан жергілікті қазақтардың өз қоныстарынан айрылып, штраф төлеуге мәжбүр болғанын жазады (Досмұхамедұлы, 1991:55). Одан әрі зерттеуші қазақ жерінің әр тарихи кезеңдердегі жайылым қоныстарының аумағы, көлемі туралы мәселені жергілікті ауызша деректермен дәйектейді. «Жанұзақ жырау Бөкей заманындағы қазақтың қонысын былай дейді:

Құлабие, Торғай екі көл
Ежелгі әкең Бөкей барында,
Толықсып жайлап ед біздің ел
Еділ, Жайық екі су
Еңсесіне ел қонып,
Ендеп жылқы жайылды
Ақтөбе деген суына,
Ұлы сұлтан менен Қараман
Үшқоба менен Жанарыстан...

Осы күнгі Бөкейліктің топырағынан тыс Борсыны (Торгунь), Еділдің, Жайықтың бойын, Ақтөбені (Ақтуба), Жанарыстанды (Ерусалн), Қараманды (Караман) Қараөзеннің басын (Верховья Малого Узеня, Төрткөл (Деркул), Төртшежінді (Чижы) Бөкей заманында қазақтың жайлағаны осы өлеңінен анық көрінеді». Жанұзақ жырау, Боран жырау мұраларының дереккөздік сипатын осы мәселені қарастыруда зерттеуші өте ұтымды көрсетеді: «...Өкіметтің қазақтың жерін тартып алғандығы ел әдебиетінде анық сүгіреттелген. Жәңгір ханға Жанұзақ жырау былай жырлайды:

«...Қазық шаншып белгі еттің
 Ащылы Самар суына
 Бұдырайған иегі Нарын құмақты
 Көмбедей Нарында шешма бұлақты
 Тәкбір сайлап жұрт салдың,
 Жасқұстың мынау құмына,

Жәңгірдің заманында қазақтың қонысының Бөкей заманына қарағанда қанша тарылғандығы Жанұзақтың осы өлеңінен-ақ анық көрініп тұр», - дейді автор.

Жәңгір хан билігі тұсындағы қазақ халқының жағдайы, ханның жүргізген саясаты, көшпелі өмір салтына енгізген өзгерістері (сарай салтанатына құмарту, салық түрлерінің көбеюі, шарифат заңдары, мешіт салынуы, хан маңына жиналған түрлі ұлттан құралған нөкерлердің жүгенсіздігі, т.б.) жайында тоқтала келе, зерттеуші ауызша дамыған туындылардың мәліметтерін тарихи дерек көзі деп сеніммен келтіреді: «Ханның айналасына анадан, мынадан келген келімсектер көп жиылды. Махамбет батырдың хан ордасында «Қытайдан келген қалмақта бар, Ираннан келген қызылбас та бар, Үргеніштен келген сарт та бар, деген сөзі ып-рас еді. Алаша Байтоқ жыраудың өлеңінде:

«Хиуалап келген қилы халық
 Стамболдан келген сыйлы халық,
 Қырымнан келген қырық әжі,
 Қырық әжіге бір қазы.
 Күнінде қырық мың шәкірт жиылған,
 Баршасы бір имамға ұйыған
 Көктен нұрлар құйылған
 Залымдар жауыз істен тиылған», - деп айтады.

Зерттеуші 1837 жылы хан ордасын Исатайдың үш мың қарулы қолмен қамаған сәттегі жағдайды, ханның іс-әрекетін Ерубай, Бекжан, Бөле деген ақындардың сөздерімен сипаттайды (Досмұхамедұлы, 1991:61).

Қазақтардың ұлттық мемлекеттілігінен айрылуы себептерін, халық мүддесін, ел тұтастығын сақтауға ұмтылған тұлғаларды қолдау, қорғаудың әлсіздігін, басқыншылармен ымыраласқан жергілікті биліктің шынайы болмысын, олардың ел басқару ісіндегі жасанды әрекеттерін бұлжытпай айғақтайтын деректердің тарихи әлеуетін Х. Досмұхамедұлы сол кезде-ақ көтере білді. Халықтың ел болу тәуелсіздігін қалпына келтіру жолындағы азаттық қозғалысын жат жерлік басқыншылар қалдырған сыртқы деректермен ғана зерттеп, тұжырымдаудың қайшылығын, жөнсіздігін дәлелдеп берді. Мұндай деректемелердің біржақтылығы, қоғамды ішкі қырынан көрсетуге дәрменсіздігі, тек қана халықты бағындыру саясатын құжаттық негіздеуге құрылған сипатын аңғартады. Мұның өзі дәстүрлі қоғамның сан алуан мәселелерін қарастыруда мән беретін методологиялық ой-түрткі болып табылады.

XIX ғ. ұлт тәуелсіздігі үшін қозғалыстың кең қанат жайған күресін 1837-1847 жылдары Кенесары Қасымұлы жүргізді. Көтеріліс жайындағы жазба, архивтік құжаттармен қатар жергілікті деректемелерді, фольклор мен ауыз әдебиеті үлгілерін тарихшы Е.Бекмаханов өз еңбегінде тарихи дереккөз ретінде қарастырды (Бекмаханов, 1994:41). Ғалымның ауызша дәстүрде дамыған туындыларды пайдаланудың деректанулық сын әдістемесіне талдауы методологиялық тұрғыдан маңызды. «...Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатын себебі, XIX ғ. 2-ші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда

қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан.

Фольклорлық материалдың маңызы сонда, ол тарихи оқиғалар мен жеке адамдарға дәл және көбінесе дұрыс бағасын береді, себебі тарихты жасаушы және суреттеліп отырған оқиғалардың тікелей қатысушысы халықтың өзі болып табылады», - дей келе, академик В.В. Радлов пікірімен дәлелдей түседі. «Қазақ фольклорын егжей-тегжейлі сипаттап жатпай-ақ айта кететін бір нәрсе: сан алуан оқиғалардың бірін қалдырмай баяндайтындықтан, талайлардың атын атап, түсін түстеп беретіндіктен, іші не қилы деректерге толы болатындықтан бұл фольклор дегеніңіз, тарихшы үшін, әсіресе қоғамдық қатынастар саласын зерттейтіндер үшін шын мәнінде, баға жетпес қазына», - деп түйіндейді кәсіби тарихшы.

Ғалым халықтың тарихи жадында терең сақталған қозғалыс туралы фольклор мен ауыз әдебиеті нұсқаларына, «Зар-заман» өкілдері шығармаларына, Нысанбай жырау, Досқожа ақын, М. Көпеев, О. Шипин, Ж. Жабаев, т.б. туындыларына деректанулық талдау жасап, еңбегінде сәтті қолданысқа енгізді. Мәселен, Шортанбай Қанайұлы мұрасының деректемелік маңызын автор былай дәлелдейді: «...Қазақтың халық бұқарасы екі түрлі езгінің қыспағында қалды: өз шонжарлары бір жағынан және отарлық үкімет екінші жағынан қара қазақтың жанын шығарды. Сол кездің бір ақынының осынау заманды сипаттай келе халықтың мұң-зарын мынадай сөздермен беруді тегін емес:

Замана қайтып оңалсын,
Адам қайтып қуансын
Жанарал болды ұлығың,
Майыр болды сыпайың
Айрылмайтын дерт болды
Кедейге қылған зорлығың.
Князьды көрдің піріндей
Тілмашты көрдің биіндей,
Дуанды көрдің үйіндей
Абақты тұр алдыңда,
Қазылып қойған көріндей
Байлар зорлық қылады
Мал көзіне көрінбей,
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей,
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріндей,
Замана түрі бұзылды
Текеметтің түріндей (Мұқанов, 2005:304).

Е. Бекмаханов: «...Нысанбайдың «Кенесары туралы жырының» шоқтығы биік» деп бағалап, кеңінен тоқталған мұра – көтеріліске тікелей қатынасқан куәгер – Нысанбай жырау шығарған «Кенесары-Наурызбай» жыры еді. Туындының алғашқы шығарылуы, автордың өзі, оның оқиғаға қаншалықты қатысы, жыр мәтіндерінің табылуы, жариялануы, нұсқалары, түрлі редакциясы, текстологиясы туралы толық талдау жасап, тарихи дерек көзі ретінде интерпретациясын жасады.

Туынды дәстүрлі қоғамның синкреттік сипатымен ерекше мұрасы. Сондықтан оның тарихи деректемелік сипаты әр қырынан көрінеді. Тарихи дерек көзі және тарихи ой-сананың ескерткіші тұрғысында қабылдау мұраны тарихи аспектіде тануға жол ашады. Кәсіби тарихшы ғалым Е. Бекмахановтың осы ұстанымда болғаны байқалады. Ол ойын ғалым өз еңбегінің қорытындысында жеткізеді.

«...Кенесары көтерілісінің жеңіліс табуы себептерін тыңғылықты зерттеу айрықша маңызды, өйткені сөйткенде қозғалыстың сипатын және оның сөзсіз жеңілетінін айқындаушы әлеуметтік-экономикалық және саяси жәйттардың бүкіл жиынтығы айнадан көргендей көз алдына келмекші.

Шындығында, 1847 жылы жазда Майтөбе маңында көтерілісшілер әскерлерінің талқандалуы және Кенесарының өзінің өлтірілуі, шын мәнінде, көтерілісті жеңіліске душар еткен себептер тізбегінің соңғы буыны болып табылған-ды. Көтерілістің жеңіліс табатынының тарихи сөзсіздігінің негізгі себептері бәрінен бұрын көтеріліс болған кездегі ішкі саяси жағдайда, орталықтандырылған тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруға кешігіп барып кіріскендікте жатыр»(Бекмаханов,1994:359). Қазақ елінің сол кезеңдегі бытыраңқылығы, экономикалық мүдденің ру аралық күреске айналуы, ықпалды тұлғалардың алауыздығы, патша үкіметінің тыңшыларының әрекеттері қосылып, қозғалысқа зиянын тигізген. «Мұны Кенесары да, оның ең жақсы серіктері де жақсы түсінген» (Бекмаханов,1994:359).

Одан әрі зерттеуші көтерілістің жеңілу себебін көшпенділердің бірегей тарихи жады – Нысанбай жырының ой-түйінімен қорытады:

«...Ойда Қоқан, қырда орыс,
Хакім болды қаласы.
Кімнен таяқ жегендей
Біздің қазақ баласы,
Алдырып жүрген дұшпанға
Өзді-өзінің аласы...» (Бекмаханов,1994:359).

Дәстүрлі қоғамның автохтонды тұрғындарының тілі мен мәдениетін терең меңгеріп, зерделеудің, олардың тарихи даму кезеңдерін зерттеуде ұтымды қисынды әдіс екенін сол ұлттың өкілі, кәсіби тарихшы өз еңбегінде жете дәлелдеді.

Кенесары Қасымұлының ұлттың болашағы үшін тәуелсіз мемлекеттілікті қалпына келтіруге тырысқан тарихи рөлін көрсеткен Нысанбай жыраудың-тарих жеткізуші тұлғаның әділ бағасына келісуге тура келеді:

Кенекем менің кеткен соң
Заманым қалды тарылып,
Халық иесі хандардан
Жетім қалдық айрылып,
Екі бірдей қанатым
Топшыдан сынды қайрылып!
...Кемшілік түсті басыма
Көрінгеннен қаймығып
...Топшысынан үзілді
Екі бірдей қанатым
Кенесары,Наурызбай –
Асып туған санатым!
Қырғыздан біткенге ұқсайды
Тағдырлы ажал сағатың (Дүйсенбайұлы, 2004:295).

Жырдың деректемелік сипатын әр қырынан талдауға алу, қазақ ұлттық қозғалысының аса күрделі кезеңін толыққанды қарастыруға үлес қосады. Мұны деректанулық сын нәтижелері көрсетіп берді.

Қорытынды

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтап қалуы жолында жүргізген күрестері ешқашан толастаған емес. Бұл қозғалыстар жайында сан алуан деректік негіз қалайтын тарихи фольклор мен ауыз әдебиеті туындылары өте мол. Ол мұраларды тек фольклортану, әдебиеттану тұрғысында ғана зерттеу, дәстүрлі көшпелі қоғамға ғана тән құбылыстарды танып-білуде, жан-жақты қарастыруда аздық етеді.

Мұраларды дербес жергілікті тарихи деректемелер ретінде қалыптастыру қазақ халқының тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық бағыттарына қозғау салады. Көшпенділер өркениеті туралы тың ізденістерге, жаңа пайымдауларға әсер етеді. Оқиғалардың, сол кезеңнің тікелей куәгерлері және оған қатысушылардың өздерінен алынған мәліметтер негізінде ұлттық жадының өзгеше моделінің сақталуы ірі танымдық құбылыс. Сондықтан зерттеу бағыты жаңа замандағы тарихымыздың күрделі мәселелерін кеңейтуге ат салысқаны ләзім.

Әдебиеттермен деректер тізімі

- Бабалар сөзі. 100-томдық. Тарихи жырлар. – Астана: Фолиант, 2010. – Т.62. – 376 бет.
 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 томах. – Алма-Ата: КСЭ, 1985.
 Вяткин М. Батыр Срым. – Алматы: Санат, 1998. – 344 с.
 Vansina Jan. Oral Tradition as History. – Madison: The University of Wisconsin Press, 1985. – 256 p.
 Wallerstein I. The Modern World-System: Capitalist Agriculture and the Origins of the European World-Economy in the Sixteenth Century. – New York: Academic Press, 1974. – 410 p
 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 80-81-беттер.
 Дройзен И.Г. Историка: лекции об энциклопедии и методологии истории. – СПб.: Владимир Даль, 2004. – 579 с.
 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1989. – 496 с.
 Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарих. – Алматы: ҚазККА., 2010. – 224-бет.
 Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық./Құраст. Дүйсенбайұлы Е. – Т.1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 165-189-беттер.
 Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 160 б.
 Маргулан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала АН СССР. Серия историческая. – 1946. – №2(27). – С.80-81.
 Коломийцев В.Ф. Методология истории. От источника к исследованию. – М.: РОССПЭН, 2001. – 191 с.
 Репина Л.П., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. История исторического знания. – М. Дрофа, 2004. – 288 с.

References

- Babalar sozi. Tarihi zhyrlar. 100-tomdik [The word of the ancestors. historical songs. 100-volume] – Astana: Foliant, 2010. – vol.62. – 376 p. [in Kazakh]
 Bekmahanov E. Kazakstan XX- gasyrdyn 20-40 zhyldarynda [Kazakhstan 20-40 years of the nineteenth century]. – Almaty: Sanat, 1994. – 416 p. [in Kazakh]
 Valihanov CH.CH. Sbranie sochinenij v 5 t. [Collected works in 5 volumes]. – Alma-Ata: KSE, 1985. [in Russian]
 Vyatkin M. Batyr Srym [batyr Srym]. – Almaty: Sanat, 1998. – 344 p. [in Russian]
 Vansina Jan. Oral Tradition as History. – Madison: The University of Wisconsin Press, 1985. – 256 p.
 Wallerstein I. The Modern World-System: Capitalist Agriculture and the Origins of the European World-Economy in the Sixteenth Century. – New York: Academic Press, 1974. – 410 p
 Dosmyhamedyly H. Alaman [Invasions]. – Almaty: Publishing house, Rodnaya speech, 1991. – 80-81-pp. [in Kazakh]
 Drojzen I.G. Istorika: lekcii ob enciklopedii i metodologii istorii. [Historian: lectures on the encyclopedia and methodology of history]. – SPb.: Vladimir Dal', 2004. – 579 p. [in Russian]
 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera zemli. [Ethnogenesis and the biosphere of the earth]. – Leningrad.: Publishing house, LGU, 1989. – 496 p.
 Zhygenbaeva G. Dastyrlı auyzsha tarih [Oral historical tradition]. – Almaty: Publishing house, KazKKA., 2010. – 224-p. [in Kazakh]
 Zheti gasyr zhyrlajdy. Eki tomdyk. /Kyrast. Dıysenbajly E. [oral literature seven centuries]. – T.1. – Almaty: Publishing house, Zhazushy, 2004. – 165-189-pp. [in Kazakh]
 Madibaj K. Zar zaman agymy [Age of Sorrow]. – Almaty: Kazakh universiteti, 1997. – 160 p. [in Kazakh]
 Margulan A. O haraktere i istoricheskoy обусловленности kazahskogo eposa [On the nature and historical conditioning of the Kazakh epic] // News of the Kazakh branch of the USSR Academy of Sciences. Historical series. – 1946. – №2(27). – pp.80-81. [in Russian]
 Kolomijcev V.F. Metodologiya istorii. Ot istochnika k issledovaniyu. [History methodology. From source to research]. – Moscow.: ROSSPEN, 2001. – 191 p. [in Russian].
 Repina L.P., Zvereva V.V., Paramonova M.YU. Istoriya istoricheskogo znaniya. – M. Drofa, 2004. – 288-s. [in Russian].

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ү.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Г.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБИ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ ӨҢІРІНДЕГІ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Ғ.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұмағов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕННЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.....	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.....	324
Мухагова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY.....	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй